

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
27.05.2020 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 27.05.2020 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықаралық автомобиль тасымалдарын қадағалап отыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым). Бұл мәселе бойынша сөз Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі депутат Пішембаев Мейрам Құдайбергеноұлына беріледі.

ПІШЕМБАЕВ М.Қ. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Қадірменді депутаттар! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықаралық автомобиль тасымалдарын қадағалап отыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасына Парламент депутаттары Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасын орындау үшін бастамашы болды.

Заң жобасы Мәжілісте 2020 жылғы 20 мамырда бірінші оқылымда мақұлданды. Әрі ол бірінші оқылымда талқылау кезінде, атап өткендей, электрондық навигациялық пломбалар түріндегі заманауи техникалық құралдарды пайдалану есебінен халықаралық тасымалдарды мемлекеттік бақылаудың жаңа тетіктерін енгізуге бағытталған.

Жұмыс тобының заң жобасымен жұмыс істеуі барысында депутаттар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және заң техникасының талаптарына сәйкес келтіру бойынша, сондай-ақ жекелеген нормаларды нақтылайтын және заң жобасының мазмұнын жақсартатын түзетулер енгізді.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 1-бабының 2-1-бөлігіне сәйкес осы кодекске өзгерістер және толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздемейтін заңмен жүзеге асырылады. Бұл норма 2020 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі. Осыған орай Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне заң жобасымен көзделген түзетулер алып тасталды.

Бұдан басқа заң жобасының тақырыбы өзгертіліп, мынадай редакцияда жазылды: «Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына халықаралық автомобиль тасымалдарын қадағалап отыру мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы».

Мәжілістің барлық комитеті заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Заң жобасы бойынша келіп түскен түзетулер жұмыс тобының отырыстарында, комитеттің кеңейтілген отырыстарында мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен талқыланды.

Қорытынды салыстырма кесте 11 қабылданған позициядан тұрады. Қабылданбаған позициялар жоқ.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, комитет аталған заң жобасын тұтастай мақұлдауды және оны Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына жіберуді ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет, Мейрам Құдайбергелұлы.

Құрметті әріптестер, бас комитеттен осы заң жобасы бойынша бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Басқа ұсыныстарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Егер қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.



*Дүние: Құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі
Мамат Н. Шайгожин*